

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 12 қыркүйектегі N 921 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 2003 жылғы 22 мамырда Анкара қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы ұзақ мерзімді сауда-экономикалық ынтымақтастық туралы келісім

(2003 жылғы 3 қазанда күшіне енді - СИМ-нің ресми сайты)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі (бұдан әрі - "Т а р а п т а р"),

екі елдің арасындағы тарихи және мәдени байланыстарға орай, екі елдегі еркін кәсіпкерлікті дамыту сауда-экономикалық байланыстарды дамытумен қатар, әлеуметтік дамуға қажетті негізді қамтамасыз ететінін назарға ала отырып ,

өзара тиімді сауда-экономикалық қатынастарды дамыту үшін екі ел арасындағы бар стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға ұмтыла отырып,

екі ел арасындағы байланысты дамыту бейбітшіліктің нығаюына және өңірдегі тұрақтылыққа үлес қосатынын мойындай отырып,

екі ел арасындағы сауда-экономикалық қатынастарды дамыту, сондай-ақ үшінші елдегі ынтымақтастық өңірлік сауда-экономикалық ынтымақтастықты нығайтуда аса маңызды рөл атқаратынын ескере отырып,

1997 жылы 10 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасындағы Сауда-экономикалық және техникалық ынтымақтастық туралы келісімді, сондай-ақ екі ел арасындағы қолданыстағы басқа да халықаралық шарттарды негізге ала отырып,

төмендегілер туралы келісті:

I-бап

Тараптар мемлекеттері арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамыту, оның дамуына кері әсерін тигізетін кедергілерді жою осы Келісімнің мақсаты болып табылады.

II-бап

О с ы к е л і с і м н і ң м а қ с а т т а р ы :

а) екі елдің шаруашылық субъектілерінің арасындағы өзара ынтымақтастықты дамыту және қызметін көтермелеу;

б) қысқа мерзімді сауда-экономикалық байланыстармен қатар ұзақ мерзімді өндірістік қызметті, өзара инвестициялар мен бірлескен кәсіпкерлікті көтермелеу және көтермелеу шараларын қолдануда өзаралық қағидатын сақтау;

с) ақпараттармен тұрақты алмасу және екі елдің қолданыстағы кеден тарифтері мен олардың кез-келген өзгерістері туралы консультациялар жүргізу болып табылады.

III-бап

Тараптар өз мемлекеттері экономикасының өзара толықтыратын құрылымын назарға ала отырып, сауда, өнеркәсіп, энергетика, тау-кен өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, көлік және коммуникация, қаржы және банк ісі, денсаулық сақтау, мердігерлік қызметтер көрсету, денсаулық сақтау, туризм салаларында, сондай-ақ экономиканың басқа да салаларындағы еркін нарықтық экономиканың салыстырмалы басымдықтары мен ереже қағидаттары шеңберінде ынтымақтастықты жүзеге асыратын болады.

IV-бап

Осы Келісім шеңберіндегі сауда-экономикалық қатынастар Тараптар әзірлейтін Ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мен Ұзақ мерзімді экономикалық ынтымақтастық бағдарламасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспарына (бұдан әрі - Іс-шаралар жоспары) сәйкес осы Келісім шеңберінде жүзеге асырылатын болады.

Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспары Тараптардың дипломатиялық арналар арқылы мемлекет елшілік рәсімдердің аяқталғаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күні күшіне енеді.

V-бап

Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспары шеңберінде жүзеге асырылатын іс-шараларды, сондай-ақ жоғарыда айтылған қызметті жүзеге асыруға жауапты институттарды қазақстандық тараптан - Қазақстан Республикасының Индустрия және сауда министрлігі және түркиялық тараптан - Түркия Республикасының Премьер-Министрі аппаратының жанындағы сыртқы сауда істері жөніндегі Кеңесші Аппараты (бұдан әрі - Үйлестіруші органдар) үйлестіретін болады.

Ү й л е с т і р у ш і о р г а н д а р :

а) Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспарын іске асыруға қатысты мемлекеттік және жеке сектор институттарының қызметін үйлестіруге;

б) Бағдарлама мен іс-шаралар шеңберінде пайда болуы мүмкін проблемалар, сондай-ақ екі жақты қатынастарды жақсарту үшін қабылдануы қажетті шараларды қоса алғанда, іске асыру мен бағалау жөніндегі есеп дайындауға жауапты болады.

VI-бап

Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспарында көрсетілген іс-шараларға жауапты институттар тұрақты түрде, әр үш айда Үйлестіруші органдар қол жеткізген нәтижелер мен іске асыру проблемалары туралы, сондай-ақ жаңа пайдалы жобалар бойынша Е с е п т і ұ с ы н а д ы .

Үйлестіруші органдар жоғарыда аталған іске асыру мен бағалау жөніндегі Есептермен әр алты ай сайын алмасып отырады.

VII-бап

Осы Келісімнің V/b-бабында қаралған іске асыру мен бағалау жөніндегі есептер Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Түркия Республикасының Үкіметі арасында 1993 жылғы 2 қыркүйекте қол қойылған, экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия құру туралы Хаттамаға сәйкес экономикалық ынтымақтастық жөніндегі қазақстан-түркия үкіметаралық комиссиясының мәжілісі шеңберінде ә з і р л е н е т і н б о л а д ы .

Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия мәжілістерінде қажет болған жағдайда Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспарында өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

Егер, Комиссия мәжілісі тұрақты негізде жүргізе алмаса, Үйлестіруші органдар Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспары шеңберінде жүргізілетін іс-шараларды іске асыруды қадағалау нысаны мен тәртібін анықтайды және қажетті шараларды айқындайды.

VIII-бап

Осы Келісімнің VII-бабына сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілген Бағдарлама мен Іс-шаралар жоспары осы Келісімнің IV-бабында көзделген рәсімдерді жүргізу жолымен күшіне енеді.

IX-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және қолдану кезінде даулар туындаған жағдайда Тараптар оларды өзара консультациялар және/немесе келіссөздер жолымен шешетін болады.

X-бап

Осы Келісімнің ережелерін іске асыру Тараптар жасасқан басқа халықаралық шарттардан туындайтын құқықтар мен міндеттемелерді қозғамайды.

XI-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жеке хаттамалар ресімделу жолымен енгізіледі.

XII-бап

Осы Келісімнің әрекетінің тоқтатылуы осы Келісімнің әрекеті тоқтағанға дейін басталған жобаларды жүзеге асыруға ықпал етпейді.

XIII-бап

Осы Келісім оның күшіне енуіне қажетті Тараптардың қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындауы туралы соңғы жазбаша хабарлама алған күнінен бастап күшіне енеді.

XIV-бап

Осы келісім анықталмаған мерзімге жасалады және өз әрекетін Тараптардың бірі екінші Тараптан осы Келісімнің әрекетін тоқтату ниеті туралы жазбаша хабарлама алғаннан соң 6 айдан кейін тоқтатады.

2003 жылғы 22 мамырда, Анкара қаласында екі данада қазақ, түрік, орыс және ағылшын тілдерінде, барлық мәтіндердің күші бірдей болып жасалды.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде алшақтықтар пайда болған жағдайда, Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Түркия Республикасының

Үкіметі үшін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК